

Ресми пікір беруші саяси ғылымдарының докторы, профессор Алияров Есенжол Каниевичтің «6D020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Макашева Жанат Становнаның «Әлемдік тәртіптің қалыптасу жағдайындағы Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми пікір берушінің ұстанымы
1	Диссертациялық жұмыс тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және / немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>- «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геоэкономикалық, геокөңістіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу», яғни әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағыты бойынша.</p> <p>- Мемлекеттік бағдарламаларға «Қазақстан Республикасы дамуының 2050 жылғы даму стратегиясы», «Қазақстан Республикасы дамуының 2025 жылға дейінгі даму стратегиялық жоспары», Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтің Қазақстан халқына жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» (01.09.2022 жыл), «Қазақстан Республикасында білімді дамыту мемлекеттік бағдарламасы», 2021-2025 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы», «2020-2030 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Сыртқы Саясатының тұжырымдамасы».</p> <p>Диссертациялық жұмыс сәйкес келеді:</p> <p>3) «Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың, халықаралық құқықтың, жаһандық, аймақтық және трансшекаралық геосаяси, геэкономикалық, геокөңістіктік үдерістердің өзекті мәселелерін зерттеу», яғни әлеуметтік және гуманитарлық</p>
		1) Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында	

		<p>орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертациялық жұмыс басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) <u>Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</u></p>	<p>зерттеу», яғни әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің ғылыми даму бағыты бойынша.</p>
2	Ғылымға маңыздылығы	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>қосады</u> / қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> / ашылмаған.</p>	<p>Ж.С. Макашеваның диссертациялық зерттеу жұмысы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымға елеулі үлесін қосады. Диссертациялық жұмыс «егемендік» пен «ұлттық мүдде», «ұлттық қауіпсіздік» ұғымдарының теориялық базасына негізделген Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мен ұлттық мүдделерін нығайту мәселелері бойынша зерттеу жүргізу арқылы әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласына елеулі үлес қосады. Диссертант зерттеу жұмысында Қазақстан Республикасы мен халықаралық қауымдастығы ынтымақтастығы негізінде БҰҰ-ның Бас ассамблеясы мен халықаралық құқық үстемдігінің маңызды қағидастарына сүйенген. Ұлы державалар арасындағы геосаяси текетірес және әлемдік тәртіптің өзгеруі жағдайындағы Қазақстан Республикасының егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігіне төнетін</p>

			жағдайды, қауіптер мен тәуекелдерді сараптамалық талдау жасауы арқылы жұмыстың маңыздылығы ашылған. Оған қоса, Қазақстан – Ресей стратегиялық ынтымақтастық негізіндегі мәңгілік тату көршілестік ынтымақтастығы аясындағы түйткілді мәселелері қарастырылады. Ресейдің Украинадағы агрессиясы еліміздің қауіпсіздігі мен ұлттық мүдделерді нығайтуға байланысты стратегиялық маңызды іс-шараларды нығайтуды қажет етеді.
3	Дербес жазу қағидасы	Дербес жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	1) Диссертациялық жұмысты жазуда ізденуші дербестік танытып, дербес жазу деңгейі жоғары деп бағалауға болды. Ізденуші Макашева Ж.С. ғылыми зерттеуі өз бетімен дербес және түсінікті ғылыми тұжырымдамаларға сүйенген тілмен жазылған жұмыс. Ғылыми жұмыс жоғары деңгейде жазылған деп, сеніммен айта аламыз. Себебі, ізденуші халықаралық қатынастарда «Ұлттық қауіпсіздік», «Ұлттық мүдде», «Ұлттық бірегейлік», «Территориялық тұтастық» терминдерін нақтылай отырып, бұл терминдерді қарастыру арқылы Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастар акторы мен халықаралық құқық субъектісі негізінде халықаралық қатынастар теориясы мен әдіснамасына сүйене отырып, зерттеу жүргізген.
4	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертациялық жұмыс өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Тақырыптың өзектілігі жан-жақты негізделген. Біріншіден, Қазақстан Республикасының егемендігі мен ұлттық мүдделері мәселелері алпауыт Ресей мен Қытаймен көршілес болғандықтан стратегиялық маңызды, бұл бұқаралық санамен ғылыми қауымдастықтың үнемі назарында болуы тақырыптың өзектілігін дәлелдейді. Екіншіден, Қазіргі уақыттағы Ресей мен Украина арасындағы қаттығыс Қазақстанға біршама әсер етіп отыр, Қазақстанның ішкі бірлік мәселесі ұлттық мүддемен

		<p>ұлттастығы зерттеу мен тақырыптың өзектілігін негіздейді. Үшіншіден, Реализм теориясына сүйене отырып, Қазақстан Республикасының егемендігі мен мүддесіне басқа да халықаралық акторлардан тәну қаупі бар екендігін расталады.</p>
	<p>4.2 Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>айқындайды</u>;</li> <li>2) жартылай айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыпты толықтай айқындайды және ашады. Диссертацияда ең алдымен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік егеменділігін нығайту жағдайындағы ұлттық мүдделердің қалыптасуын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері зерттеліп, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясы мен стратегиялық қарым-қатынастары жағдайындағы ұлттық мүдделері екінші тарауда қарастырылуы, Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері контекстіндегі сауалнамалық зерттеудің сараптамалық талдауы диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толықтай сәйкес. Ізденуші зерттеу мәселесін шешуде Қазақстан мен Ресей арасындағы стратегиялық әріптестікті кешенді сараптамалық талдау арқылы Қазақстанның егемендігі мен ұлттық мүдделерін нығайту мақсатын қояды. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды. Мақсаты мен міндеттері диссертациялық жұмыстың тақырыбына сәйкес келеді.</p>
	<p>4.4. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> </ol>	<p>Зерттеу жұмысының барлық бөлімдері мен тұжырымдамалары толықтай логикалық түрде бір-бірімен байланысты. Жұмыс ішкі бірлікпен, бөлімдер мен бөлімшелердің нақты және өзара әрекеттесуімен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыс 9 тараушадан, 3 бөлімнен тұрады. Олардың әр-бір параграфтары бөлімдеріне сәйкес және бір-бірімен өзара логикалық</p>

		3) Байланыс жоқ.	байланыста құрылған. Диссертациялық жұмыс толықтай аяқталған ғылыми жұмыс.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаатар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.	Макашева Ж.С. диссертациялық жұмыстың бірінші тарауында ұлттық мүдделердің қалыптасуына арналған ғылыми әдебиеттерге сыни талдау жасаған. Қазақстан Республикасының ұлттық мүддесін анықтайтын теориялық және тұжырымдамалық негіздерін сыни талдай отырып, осы тақырыптағы іргелі ғылыми жұмыстар әлі де жеткіліксіз деп қорытынды жасайды. Қазақстан Республикасының көп векторлы сыртқы саясаты бойынша берілген пікірлер мен ғылыми ойларға сыни талдау жасай келе, 90-шы жылдар мен қазіргі уақыттағы көпвекторлы саясаттың мәне мен мазмұны өзгергендігін анықтады. Диссертант диссертация тақырыбы бойынша жүргізген сауалнама нәтижесін қортындылап сыни талдау жүргізді. Территориялық тұтастық, ұлт бірегейлігі, ұлттық қауіпсіздік деген түсініктер респонденттер әр түрлі мағынада қолданылатындығын айқындады және бұл ұғымдар (түсініктер) ұлттық мүдде аясында қабылдануда тиіс деген қорытынды жасады.
5	Ғылыми жанашылдық қағидасы	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаатар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	- Еуразия кеңістігіндегі геосаяси жағдайдың шиеленісуінің қазіргі жағдайында Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатының негізгі басымдығы территориялық тұтастықты қорғау және нығайту саясаты екені анықталды. Теориялық тұрғыда «территориялық тұтастық» ұғымының алдындағы зерттеулерден ұлттық мүдде контекстінде жаңалықтар нақтыланды. - Біртұтас азаматтық ұлт құруға бағытталған көпэтносты қоғамның ұлттық болмысын қалыптастыру ұлттың, мемлекеттің өмір сүруінің, оның егемендігі мен Қазақстанның қауіпсіздігінің

		<p>аса маньызды шарты екендігі дәлелденді. Ұлттық бірелейлік контекстіндегі Қазақстан Республикасының 30 жыл бойы қалыптасып келген ұлттық бірелейліктің негізгі қағидастары нақтыланды.</p> <p>- Көпвекторлы сыртқы саясат, оның геосаяси қарама-қайшылық жағдайында жүзеге асуының қиындығына қарамастан, Қазақстанның егемендігі мен ұлттық мүдделерін бекітудің ең маньызды шарты екені анықталды. Елдің көпвекторлы саясаты әлемдік қауымдастықтың назарында болуымен қатар, оны жүзеге асыру тетіктерінің моделі нақтыланды. Ол өз кезегінде егемендік пен тәуелсіздіктің негізгі жетістік факторы ретінде бағаланды.</p> <p>- Қазақстанның егемендігі мен ұлттық мүдделері мәселелері бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы күрделі және қарама-қайшылықты қарым-қатынастардың әлемдік тәртіптің өзгеруі жағдайындағы эволюциясы ашылды. Зерттеу тақырыбы бойынша ауқымды дереккөздер жиыны ғылыми айналымға енгізілді.</p> <p>- Ұлы державалар арасындағы текетірес жағдайында өзінің ұлттық мүдделерін жүзеге асыру үшін Қазақстанға Ресеймен және әлемдік саясаттың басқа субъектілерімен қарым-қатынаста тәуекелдерді бөлісуге тура келетіні дәлелденді. Қазақстан Республикасының егемендігін нығайтудың негізінде Ұлы Державалармен стратегиялық ынтымақтастық шеңберінде территориялық тұтастық, ұлттық бірелейлік пен егемендіктің нышандары аясында жүргізілген ғылыми жаңалықтар әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдарға едәуір үлесін қосуды негіздеді.</p>
--	--	--

		<p>5.2 Диссертациялық жұмыстың қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>- Әлемдік тәртіп моделінің өзгеруі қазақстан қоғамының еліміздің егемендігі мен территориялық тұтастығына қауіп-қатер мен қолдау көрсетуді қабылдауында өзгерістер туғызғаны анықталды. Ұлттық мүдделердің теориялық-әдіснамасы тұрғысынан Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін зерттеу мәселелердің негізгі тұжырымдамалары сараптамалық негізінде нақтыланды.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары мен тұжырымдамалары толықтай жаңа және негізделген. Диссертант зерттеу жұмысын қорытындылай отырып, тақырып бойынша әлі де жан-жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу қажеттігін анықтайды және диссертация аясындағы проблемалар зерттеудің өзекті мәселесіне айналатындығын көрсетеді және бірқатар ұсыныстар береді. Диссертанттың қорытындылары нақтылап, дәйектелген.</p> <p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген болып табылады. Жаңа тәсілдер мен теориялардың негізінде Қазақстан – Ресей қарым-қатынастарының ынтымақтастығына сараптамалық талдау жүргізу арқылы ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық мүдделерді нығайтудың теориялық моделі жасалынған.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген / негізделмеген	Ж.С. Макашеваның диссертациялық жұмысының барлық қорытындылары мен тұжырымдамалары ғылыми дәлелдемелерде негізделген. Диссертациялық жұмыстағы тұжырымдалған нәтижелердің негізі бар және шынайы деп

		(qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	<p>қарауға болады. Себебі, зерттеудің әдіснамалық негіздері мемлекеттік бағдарламаларға, заңнамаларға және ғылыми теорияларға негізделуімен және қарастырып отырған ғылыми мәселенің зерттелу деңгейін нақтылаумен, сонымен қатар әртүрлі ғылымдар саласындағы ой-тұжырымдарды саралау арқылы қол жеткізген.</p> <p>Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен қорытындылар ҚР мен РФ-ның әріпестік мәселесін зерттеуі теориялық және практикалық жағынан құнды материал болып табылады. Сонымен қатар, ҚР территориялық тұтастық, ұлттық бірегейлік пен егемендік сияқты стратегиялық маңызды мәселелерінде құнды болып табылады. Зерттеу жұмысының қорытындылары ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және эмпирикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған және негізгі нәтижелері 5 ғылыми еңбектерде жарияланған.</p>
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидастар	<p>Әр қағида т бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағида т дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жана ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>Қорғауға 5 қағидастар шығарылған.</p> <p>1 Қағида.</p> <p>Қазақстан төңірегінде өзгеріп жатқан геосаяси өзгерістер жағдайында мемлекеттің егемендігі мен территориялық тұтастығын нығайту мақсатында оның ұлттық мүдделерін қорғау қажеттілігі геосаясат теориясы, саяси реализм, аймақтық ұжымдық қауіпсіздік теориясы, «орталық-периферия» призмасы арқылы талдау керек. Бұл Қазақстан Республикасының сыртқы саяси стратегиясының негізгі қағида т ретінде көпвекторлы сыртқы саясатты түзетуге әсер ететін үдерістерді түсіндіреді. Жана геосаяси шынайылықтарды қалыптастыру жағдайында Ресей Федерациясымен «ортақ тәуекелдер» тәсіліне ерекше назар аудару керек. Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын талдау</p>



	<p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең.</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә;</u> 2) жок.</p>	<p>кезінде халықаралық қатынастардың теориялары мен тәсілдері ғана емес, бағдарламалық жасақтама және саяси теориялар қолданумен дәлелденді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді;</u> 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә;</u> 2) <u>жок.</u></p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә;</u> 2) жок.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең.</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иә;</u> 2) жок.</p> <p>2 қағида Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының стратегиялық серіктестіктен одақтастық қатынастарға көшкен берік саяси-құқықтық базасы мен интеграциясының болуына қарамастан (2022-2030 жылдарға арналған ҚР сыртқы саясат тұжырымдамасы) ұлттық қауіпсіздік үшін ықтимал тәуекелдерді</p>
--	---	---

			<p>зерттеу қажеттілігі туындады. Ресей-Украина қажтығысы жағдайында Қазақстанның қауіпсіздік мәселесі өзекті бола түсуде. Зерттеудің өзіндік әдісін жасап шығарушы отандық және шетелдік сарапшылардың талдауымен дәлелденді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) иә;  2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>иә</u>;  2) жоқ.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>көң</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>иә</u>;  2) жоқ.</p> <p>3 қағида</p> <p>Қазақстан қоғамының көпұлтты құрамын ескере отырып, сыртқы субъектілердің (РФ) ықтимал қауіптері Ресеймен одақтастық қарым-қатынас мәселесін көтеріп қана қоймайды, сонымен қатар ұлт құраушы мемлекеттілік үдерістеріне әсер</p>
--	--	--	---

			<p>ететін қазақстандық бірегейлікті нығайтуға көмектесуі мүмкін деп болжауға болады. Екі мемлекеттің халықаралық ынтымақтастығы бойынша көптеген дереккөздерді зерделеу және сыни талдау арқылы дәлелденді, نتیجه сарапталық әлеуметтік сауалнама арқылы талдауды ескере отырып жана болып табылады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) иә;  2) <u>жок.</u></p> <p>7.3 Жана ма?  1) <u>иә</u>;  2) жок.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>көн.</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?  1) <u>иә</u>;  2) жок.</p> <p>4 қағида</p> <p>Диссерциялық жұмыста көрсетілген мәселелердің ерекшелігі құжаттық және статистикалық деректермен жұмыс істеуге</p>
--	--	--	---

	<p>мүмкіндік бермейді, өйткені барлық оқиғалар тез өзгеретін үдерістерде жүреді. Сондықтан қазіргі заманғы шынайылық жағдайында сараптамалық сауалнаманы пайдалану Қазақстанның егемендігі мен ұлттық мүдделеріне қауіп-қатер мен қолдауды бағалаудың жеткілікті тиімді әдісі болып көрінеді. Ресейдің Украинаға қарсы агрессиясы Ресейді Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығына негізгі қауіп ретінде қабылдауға әкелді, бұл диссертацияда жүргізілген сараптамалық сауалнама нәтижелерімен расталды. 2022 жылғы Қазақстанның қоғамдық санасындағы бетбұрыс Түркияны еліміздің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғаудағы басты одақтасы ретінде қабылдауға әкелді.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?  1) <u>дәлелденді</u>;  2) шамамен дәлелденді;  3) шамамен дәлелденбеді;  4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?  1) <u>иә</u>;  2) <u>жок</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?  1) <u>иә</u>;  2) <u>жок</u>.</p> <p>7.4 Колдану деңгейі:  1) тар;  2) орташа;  3) <u>көп</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p>
--	--

			<p>1) <u>иә</u>; 2) жок.</p> <p>5 қағида</p> <p>Сауалнама нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасындағы ұлттық бірегейлікті нығайту факторларының бірі ықтимал сыртқы әлеуетті қауіп-қатер жағдайында қоғамның топтасуының күшеюі болуы мүмкін. Дегенмен, бұл ұзақ уақыт кезеңді мен сарапшылық (эксперттік) базаны пайдалана отырып, қосымша тексеруді (верификация) қажет етеді. Қазақстан мен Ресейдің және Қытайдың ЕЭО және ШЫҰ-ға қатысуын талдамалық өңдеуге негізделеді. Айта кететіні, Қазақстан Республикасының сыртқы саяси векторы көп векторлы болуының сипаты ретіндегі тұжырымдамалары мемлекеттердің геоэкономикалық мүдделерін ескере отырып дами алады, ал екінші жағынан еліміздің ұлттық қауіпсіздік пен ұлттық мүдделерді нығайту барысында жүзеге асырылумен расталды.</p> <p>7.1 Қағидағ дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жок</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма? 1) <u>иә</u>; 2) <u>жок</u>.</p>
--	--	--	---

		<p>7.4 Колдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жок.</p>
<p>8 Дәйектілік қағидаты: дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің тандауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Әдіснаманы тандаудың негізделгендігі немесе әдістеменің диссертациялық жұмыстың кіріспесінде тереңінен сипатталған. Жұмыстың әдіснамалық негіздері ретінде тұжырымдамалық, жүйелік, тарихи-логикалық, компаративистикалық, жіктемелік, құжаттық, контент талдау, ивент талдау, кейс-стади талдау әдістері және жалпылық, коммуникативтік, ерекшеліктік, себеп-салдарлық, индукция және дедукция, тұтастық, амбебаптық ұстанымдары (принциптері) алынды. Олардың негізінде, ізденуші зерттеу тақырыбының нысанын ашып көрсетумен қатар, сол әдістерді нақты мысалдар арқылы ашып көрсете алған. Әдістері дұрыс тандалған және тиімділігі дәлелденген.</p>
<p>8.2 Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иә</u>;</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін, мысалы, сауалнаманы және компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу және түсіндіру әдістерін қолдана отырып алынды.</p> <p>Теориялық қорытындылар анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік-эмпирикалық зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологиялар арқылы жүргізілді. Зерделеу барысында, бақылау, сұхбат, сұрақ жауап қолданылып, пайдаланылған.</p>	

	<p>2) жок.</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) жок.</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара қатынастар мен зандылықтар диссертациялық жұмыста және жарияланған макалаларда дәлелденген, негізделген және расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың негізгі әдіснамалық негізі халықаралық қатынастардағы реализм теориясы қолданылған. Бұл теорияның негізгі тұжырымы «мемлекет халықаралық қатынастар жүйесінің негізгі субъектісі ретіндегі» формуласы – ретінде ізденуші қарастырған. Сондықтан, реализм теориясының негізгі ұғымдары: «мемлекет», «егемендік», «ұлттық мүдде», «қауіпсіздік», «ұлттық қуат» т.б. Зерттеу жұмысында ізденуші бұл ұғымдарды Қазақстан Республикасының егемендігі мен ұлттық мүдделерін зерттеу үшін қолданылды. Осы мақсатта егемендік пен ұлттық мүдделер Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығы, ұлттық бірегейлігі және көпвекторлы сыртқы саясаты тұжырымдамалары призмасы арқылы талданды. Халықаралық қатынастардағы қауіпсіздік қатерлерінің көпшілігі болып табылатын және әлі де территориялық сипатқа ие және олардың көлемі тікелей географиялық қашықтыққа байланысты екендігін ашып көрсеткен. Бузан мен Вевердің - «географиялық факторларды қамтитын қауіпсіздік теориясы орталық сахнаға шығу» тұжырымдамасын сыни талдау арқылы көрсете білген. Көптеген мемлекеттер ең алдымен көршілерінің мүмкіндіктері мен ниеттеріне алаңдайды. Осы қарым-қатынасқа байланысты қауіпсіздіктің өзара тәуелділігі аймақтық бөлінудің шоғырлануға бейім. Ол қауіпсіздік жүйелерді Бузан мен Вевер аймақты анықтай отырып – «секьюритизация және дескьюритизациялау үдерістері өзара байланысты болатын субъектілердің жиынтығы»</p>
--	---	--

	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Болатын субъектілердің қауіпсіздік мәселелерін бір-бірінен бөлек талдау немесе шешу мүмкін емес» - деген тұжырымдамаға келіп расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелер арқылы расталған. Пайдаланылған дереккөздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Дереккөздерге артүрлі құжаттар кіреді, мәселен, мемлекет басшыларының сөйлеген сөздері, монографиялар, зерттелген тақырып бойынша докторлық, кандидаттық диссертациялар, ғылыми мерзімді басылымдар және т.б.</p> <p>Бірінші тарауда анықтамалар, энциклопедиялық түсініктемелер, тарихи оқиғаларды растайтын деректер, тұжырымдамалы анықтамалар мен дереккөздер топталған. Олардың негізгі мазмұны Қазақстан Республикасының мемлекеттік егеменділігін нығайту жағдайындағы ұлттық мүдделердің қалыптасуын зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін растауға септігін типізді.</p> <p>Екінші тарауда, мемлекет басшылардың, қоғам қайраткерлердің, саясаттанушылар мен қоғамдық пікір көшбасшылардың ресми мәлімдемелері, БАҚ берген сұхбаттары, екі жақты келісім-шарттардың маңызды элементтері, сонымен қатар беделді зерттеу нысаны бойынша зерттейтін ғалымдардың дереккөздері көрсетілген. Бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен стратегиялық қарым-қатынастары жағдайындағы ұлттық мүдделерді анықтап көрсетуге елеулі септігін типізді.</p> <p>Үшінші тарау толығымен Қазақстан Республикасының егеменділігін жүзеге асыру факторының ұлттық мүдделері контекстіндегі сауалнамалық зерттеудің сараптамалық</p>
--	---	--



		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	талдауына арнала отырып, сауалнаманың талдауы мен сараптамасы арқылы негізгі қорытындылар мен тұжырымдамалар расталды. Әдеби шолуға, сыни талдауға жеткілікті.
9	Тәжірибелік құндылық қағидаты	9.1 Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жок</u> . 9.2 Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жок</u> . 9.3 Тәжірибелік ұсыныстар жаңа болып табылады ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) <u>жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</u> .	Диссертациялық жұмыс теориялық маңызға ие. Себебі, қолданылған жаңа теориялар релятивалық байланыс пен мемлекеттің икемділігі әлемдік саясат, халықаралық қатынастар, аймақтану, саясаттану салаларындағы басқа да зерттеулер үшін пәнаралық контекстте қолданылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыстың тәжірибелік маңызы бар және алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану ықтималдығы жоғары. Нәтижелерді ғылыми, оқу, сондай-ақ сыртқы саяси контекстте қолдануға болады. Нәтижелерді оқу үдерісінде «халықаралық қатынастар», «аймақтану», «шығыстану», «саясаттану» және т.б. білім беру бағдарламалары бойынша дәрістер оқу үшін пайдалануға болады. Тәжірибелік ұсыныстар толығымен жаңа. Зерттеудің жаңа теориялары мен тәсілдерін қолдануы, жүргізілген сауалнама мен Қазақстан-Ресей ынтымақтастығы мысалында Еуразия құрлығындағы стратегиялық қарым-қатынастардың теориялық моделін әзірлеуімен негізделеді.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) <u>орташа</u> ;	Академиялық жазу сапасы жоғары. Ізденушінің ғылыми жұмысы түсінікті және ғылыми стильде әзірленген. Диссертациялық жұмыстың құрылымын ресімдеу белгілінген талаптарға сәйкес

	3) орташадан төмен; 4) төмен.	орындалған. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс жүйелі түрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.
--	----------------------------------	--

Макашева Жанат Становнаға «БД020200 – халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алғұға мүмкіндігі Диссертациялық кеңестің үлгі ережесінің 28 ескертуі бойынша Комитет алдында философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін Комитетке ұсыныс жасау туралы шешімді қолдаймын.

**Ресми пікір беруші:**

саяси ғылымдарының докторы, профессор,  
Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура  
орталығының президенті  
aliyagov56@mail.ru



**Е.К. Алиев**